Құрметті «ForteBank» АҚ клиенттері!

Сіздерді ҚР валюталық заңнамасына енгізілген өзгерістердің 2024 ж. 1 қаңтардан бастап күшіне енетіні туралы хабардар етеміз.

Келесі НҚА-ға өзгерістер енгізілді:

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі № 167-VI ҚРЗ.

Ұлттық Банкі (ҰБ) Басқармасының 2019 ж. 30 наурыздағы № 40 қаулысымен бекітілген ҚР валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары.

ҰБ Басқармасының 2019 ж. 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен бекітілген ҚР валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары.

келесі НҚА күшін жоғалтады:

ҰБ Басқармасының 2019 ж. 30 наурыздағы № 42 қаулысымен бекітілген ҚР экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары.

келесі жаңа НҚА күшіне енеді:

ҰБ Басқармасының 29.09.2023 ж. №78 қаулысымен және ҚР Қаржы министрінің 04.10.2023 ж. №1054 бұйрығымен бірлесіп бекітілген ҚР экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылау бойынша негізгі өзгерістер:

1) 2024 ж. 1 қаңтардан бастап резиденттердің шетелдік және (немесе) ұлттық валютаны репатриациялау бойынша талаптарды орындауын бақылау функциялары ҚР ҰБ ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (бұдан әрі – МКК) тапсырылады.
2) Электрондық ақшаны сатып алуды немесе өтеуді көздейтін валюталық шарттарға және талаптарында ҚР шекарасы арқылы тауарларды өткізу көзделмеген тауарлардың экспорты мен импорты бойынша валюталық шарттарға есептік нөмір беру.
3) СЭҚ қатысушысының валюталық шартына қызмет көрсетуге бір уәкілетті банктен екіншісіне ауысу тәртібі өзгертілді.

Сіздің электрондық ақшаны сатып алуды немесе өтеуді көздейтін, валюталық бақылауға қабылданған валюталық шарттарыңыз және талаптарында ҚР шекарасы арқылы тауарларды өткізу көзделмеген, тауарлардың экспорты мен импорты бойынша валюталық шарттарыңыз бойынша Банкпен салыстырып тексеруді **2023 ж. 29 желтоқсанға дейін** жүргізу қажеттігіне назарыңызды аударамыз.

Ақпаратпен толығырақ келесі сілтеме бойынша өтіп таныса аласыздар: